

Әкімдіктің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 125 "Денисов ауданы әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 286 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 желтоқсанда № 5212 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 154 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 23.05.2016 № 154 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 898 Жарлығына, " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Заңына сәйкес, Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әкімдіктің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 125 "Денисов ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4872 болып тіркелген, 2014 жылғы 17 шілдеде "Наше время" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Денисов ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесінің:

17-тармақ мынадай мазмұндағы 20-1), 20-2) тармақшаларымен толықтырылсын:

"20-1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асырады және тіркеу туралы мәліметтерді Жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқорға енгізеді;

"20-2) туу туралы куәліктерді беру кезінде жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастару;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Денисов
ауданының әкімі

Е. Жаманов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК